

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы

№1 хаттама

Күні: 23.10.2025ж.

Қатысқаны: 17 адам

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және бекіту.
2. Педагогикалық әдеп кеңесінің жаңа мүшелерін тағайындау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен әдіскер Г.Ж.Бекенова таныстырып өтті. Жаңа оқу жылында кеңес жұмысы келесі бағыттарға басымдық береді:

- ◆ Педагогтардың кәсіби этикасын сақтауын бақылау;
- ◆ Әдеп бұзушылықтардың алдын алу мақсатында семинарлар, тренингтер өткізу;
- ◆ Ата-аналармен кері байланыс орнату;
- ◆ Кеңес жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету – балабақша сайтында ақпарат жариялау;
- ◆ Жыл соңында қорытынды есеп беру арқылы жұмыс тиімділігін бағалау.

Кеңес мүшелерінің белсенділігі мен жауапкершілігі – осы жоспардың табысты орындалуының кепілі. Әрбір мүшенің ұсынысы мен пікірі ескеріліп, жұмыс жоспары нақты әрі нәтижеге бағытталған түрде құрылады.

Екінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы Уразалина Г.Б. сөз алды. Педагогикалық әдеп кеңесі – білім беру ұйымындағы педагогтардың кәсіби этикасын сақтауын қамтамасыз ететін, олардың мәртебесін қорғауға бағытталған маңызды құрылым. Кеңес мүшелерінің құрамы балабақшаның ішкі тәртібі мен педагогикалық ахуалына тікелей әсер етеді. Сондықтан кеңеске жауапты, әділ, беделді және ұжымда сыйлы педагогтарды тарту – басты міндет.

✓ Жаңа мүшелерді ұсыну негіздері:

- Педагогикалық әдеп нормаларын терең меңгеруі;
- Ұжымда беделге ие болуы;
- Тәрбиелік және ұйымдастырушылық қабілетінің жоғары болуы;
- Әділдік пен бейтараптық принциптерін ұстануы;
- Кеңес жұмысына белсенді қатысуға дайын болуы.

Ұсынылатын жаңа мүшелер:

- Бегеева Арайлым Темирхановна – тәрбиеші

Ұсынылған педагог жоғарыда аталған критерийлерге сай келеді және кеңес жұмысына белсенді атсалысуға ниетті.

Сөйлеушілер: меңгеруші Курманова Л.Б. «Құрметті әріптестер, жаңа оқу жылында педагогикалық әдепті сақтау мен нығайту бағытында нақты әрі нәтижелі жұмыс жүргізуіміз қажет. Жоспарымызда педагогтар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін арттыруға басымдық берілген. Бұл — білім беру сапасының маңызды көрсеткіші.

Тәрбиеші Досова А.Б. Жоспар мазмұны өте орынды. Әдеп нормаларын сақтау бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу — педагогтардың кәсіби дамуына оң әсер етеді. Жоспарды қолдаймын.

Тәрбиеші Базарғалиева А.К. Кеңес құрамын жаңарту — оның жұмысын жандандырудың бір жолы. Қосылып жатқан жас маман. Ол кеңес жұмысына тың серпін береді деп сенемін.

Тәрбиеші: Нұрмухан Б.Ө. Жаңа мүшелердің қосылуы — ұжымдық шешім қабылдаудағы ашықтық пен әділдіктің көрінісі. Ұсынылған педагогты кеңеске қабылдауды қолдаймын

Кеңестің шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, басшылыққа алынсын.
2. Педагогикалық әдеп кеңесіне ұсынылған кандидат әдеп кеңесінің мүшесі ретінде тағайындалсын.

Кеңес төрағасы:  Г.Б.Уразалина

Кеңес хатшысы:  Г.С.Косанова